

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Үй жануарлары»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.01.2021СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/88354/

Жаңаөзен қалалық білім бөлімі

«Рахат бөбекжай-бақшасы»

жедел басқару құқығындағы

МКҚК тәрбиешісі

Алиева Куннур Жанабаевна

**Білім беру саласы:**Таным.**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»

**Мақсаты:** «Балалардын үй жануарлар туралы түсініктерін кеңейту, Олардың сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, тіршілік әрекетімен таныстыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үй жануарлардың пайдасы бейнелейтін суреттер, үлестірмелі материалдар.

**Сөздік**  
жануары**жұмыс:**

үй

**Билингвальды компонент:** Үй жануары-домашнее животное, сиыр-корова,

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
--------------------------	-----------------------	-----------------------

<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	<b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> Балалар шеңбер бойына тұрып,педагогпен бірге Шаттық шеңберін қайталайды <b>Шаттық шеңбер</b> Арым таза,ақ көніл, Адамдыққа сенемін. Абыройлы,ақ ниет, Адалдыққа сенемін.	Шеңбер бойына тұрып орындайды
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<b>Білімді жетілдіру.</b> -Ферма дегеніміз не? -Фермада қандай жануарлар ұстайды? Үй жануарлары және олардың пайдасы туралы әңгіме. -Ферма-барлық үй жануарларын өсіріп ұстайтын шаруашылық орын.Үй жануарларын адам күтіп-баптайды. Жануарлардың еті,сүті, Үй жануарлары деп үйде ұстайтын жануарларды айтамыз.Олар мыналар:қой, ешкі, сиыр,түйе,жылқы.  Түйенің төлі-ботақан. Қойдың төлі-қозы. Ешкінің төлі-лақ. Жылқының төлі-құлын. Сиырдың төлі-бұзау.  Үй жануарлары туралы өлеңді оқу. Шөре,шөре,лағым, Секендеме,демінді ал. Тентек болма шырағым, Селтендемей құлағың. -Өлең ненің төлі туралы? -Ешкінің қандай пайдасы бар? Әукім-әукім әукешім, Сипайыншы әукесін. Енең,әне,келеді, Ақ мамасын береді.  -Сиырдың қандай пайдасы бар?Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер? -Дұрыс,үй құстары және ти,мысық та үй жануарларына жатады. Қалай ойласыңдар тауық қандай пайда әкеледі? (Еті мен жұмыртқасы-тамақ. Мамығынан жастық жасайды). «Шип-шип шөжелерім» әнің ұнтаспадан тыңдады. <b>Сергіту сәті</b> Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп Беті қолын жуады <b>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b> Тапсырманы қалай орындау Керектігін түсідіреді .Жеке жұмыс өткізеді	Педагогтің айтқандарын мұқият тындайды.  Үй жануарларын  Қайталайды. -Сиыр(корова). -Ешкі(коза).  Төлдердің аттарын қайталап айтады. Өлең ешкінің төлі-лақ туралы. Ешкінің еті,сүті-тағам, түбітінең киім тоқиды.  «Әукім-әукім»деп сиырдың төлі -бұзауды шақырамыз.  Сиырдың сүті,еті-тағам.Сүтінең ірімшік,құрт,айран,май алады.Терісінен тұрмысқа қажетті заттар жасайды.  «Балаландар»биін билейді.  Шеңбер бойына тұрып сергіту сәтін орындайды  Тапсырманы орындайды.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылайды. -Үй жануарларын атаңдар? -Неге адамдар жануарларға күтім жасайды? Олардың қандай пайдасы бар?	Педагогпен бірге сабақты қорытындылайды

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені игереді:** төрт түлікке байланысты берілген (мысалы:ешкінің төлі-лақ.Бұзауды «әукім-әукім»деп шақырамыз) тапсырмаларды.

**Нені білді:** үй жануарларының адам өміріндегі маңызы.

**Білу керек:** жалпы үй жануарлары туралы мәліметтерді оқу іс-әреттерінде

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.